Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

12 тамыз 2024 жыл іс №6309-24-00-2-1937 Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Media Soft» Болатов Санджар Капантайулы

ТАЛАП ҚОЮДЫҢ МӘНІ:
Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ жауапкер жеке кәсіпкер «Media Soft» Болатов Санджар Капантайулы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Media Soft» Болатов Санджар Капантайулы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Media Soft» Болатов Санджар Капантайулынан мемлекет пайдасына 3024 (үш мың жиырма төрт) теңге тұрақсыздық айыппұл және 1937 (бір мың тоғыз жүз отыз жеті) теңге мемлекеттік баж төлемі өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу

тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Құжатқа қол қойылған: Нұрсапинов Н. С., 12.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.09.2024, судья Нурсапинов Н. С., 25.09.2024

6309-24-3-1/2026